

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ

АБАЙ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ
УНИВЕРСИТЕТІ



Бекітемін
Филология және көптілді білім беру
институтының директоры
Б. Әбдіғазизұлы
2018 ж.



Академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті кафедрасы
«6Д021400 – Әдебиеттану» мамандығы
бойынша қабылдау емтиханының
БАҒДАРЛАМАСЫ

Алматы, 2018

Бағдарлама *Академик С.Қирабаев атындағы қазақ әдебиеті* кафедрасының мәжілісінде талқыланды.

«__»__2018 ж., хаттама №__

Бағдарламаны жазған: ф.ғ.д., профессор Б.Әбдіғазизұлы
ф.ғ.д., қауымд. проф.м.а. А.В.Таңжарықова

Кафедра меңгерушісі _____ Б.Ө. Сманов

**«БД021400 – Әдебиеттану»
мамандығына докторантураға қабылдау емтиханының
бағдарламасы**

«БД021400 – Әдебиеттану» мамандығына арналған кешенді емтихан бағдарламасында «Әдебиеттанудың өзекті мәселелері», «Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар және инновациялық технологиялар», «Қазақ әдебиетіндегі символизм», «Фольклор теориясы», «Өлең сөздің теориясы», «Көркем образ және образдылық», «Қазақ әдебиетіндегі интермәтіннің мәселелері», «Әдеби байланыс мәселелері», «Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар», «Көркем шығарма психологизмі», “Фольклор поэтикасы және әдеби үрдіс” пәндері бойынша сұрақтар қамтылған.

Бағдарламада көркем сөз шығармашылығының ерекшелігі, шығу тегі, дамуы, озық эстетика мен сын, әдеби-теориялық мұраны игеру, проза, поэзия, драмадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселесі, теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмалары мәселелері басшылыққа алынды.

«Әдебиеттанудың өзекті мәселелері» курсы өтуде мынадай жайттар ескерілді: Теориялық әдебиеттанудың дәстүрлі және жаңа парадигмаларын оқытуда ағартушылық бағыттағы әдеби-эстетикалық ой-пікірлердің ұлт-азаттық идеяларға ұласуы. Лирикадағы ұлттық мінез бен көркемдік мәселесі. Қазіргі қазақ лирикасындағы жаңашылдық мәселесі. Жаңа мазмұн мен ескі форманың арасындағы айырмашылық. Ырғақ мәселесіне байланысты соңғы ғылыми тұжырымдар. Салыстырмалы-типологиялық және салыстырмалы-тарихи әдістерінің болуы. Батыс және Шығыс романтизмнің типологиялық ерекшеліктеріне мән беру. «Мәтін» ұғымның мазмұны. Мәтін филология ұғымы ретінде. Әлемдік әдебиеттанудағы аталған ұғымдар туралы пайымдаулар мен пікір қайшылықтарының болуы. Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері. Әдеби шығармаларын саралау. Классика. Беллетристика және көпшілік әдебиет. Шектердің шарттылығы. Көпшілік әдебиеттің жанрлары. Көпшілік мәдениеттің ерекшеліктері.

«Әдебиеттанудағы жаңа бағыттар және инновациялық технологиялар» курсы өтуде, мәтін құрылымы мен мазмұнына назар аудару оның басты мақсаттарының бір екендігі. Орыс морфологиялық мектебі: формалистер (Якобсон, Шкловский, Эйхенбаум, Тынянов, Пропп), структуралистер (Лотман, Щеглов, Смирнов, Жолковский, Левин). Шет ел мектебі: (Греймас, Леви-Строс, Тодоров, Мукаржовский). Қоғамдық ғылымдар басқа ғылымдардың баспалдағы. Салыстырмалы және әлеуметтік-тарихи әдебиеттанудың арақатынасы. Мәдени-тарихи дәстүр және оның мектептері. Мәтіндегі күрделі және көпфакторлы байланыстарды зерттеу және субъект еркімен туған мәтінді мақсатты мәдениетті уақыт жағынан «үлкен» және «кіші» деп тану. Мәтінтану дәстүрі және оның мектептері. Мәтінді мақсатты түрде жазу және сақтау. Әдеби процеске деген тарихи көзқарастың қалыптасып, тууы. Салыстырмалы әдебиеттану теориясының міндеттері (А.Веселовский, Ф.Ноэль, Ж.Ампер, К.Пишуа, А.Руссо). Дрюшин концепциясы бойынша әдебиетті салыстырмалы түрде зерттеудің мақсаты мен міндеті. Архаикалық және классикалық мифтерді оқытудың өзектілігі. Постмодернизмнің объектісі негізінен мәтін екендігі. Постмодернизмдегі жалпыға тән плюрализм. «мәдени ортақтық» немесе үзінді алу постмодернизмнің бір принципті белгісі екендігі.

«Қазақ әдебиетіндегі символизм» курсы өтуде ХХ ғасыр басындағы қазақ және орыс, әлем халықтары әдеби байланыстарының даму барысын айқындау және алмасу тұрғысында байқалған жекелеген қаламгерлер шығармашылықтарындағы әсер-ықпал көріністерін бағамдау, қазақ әдебиетіндегі символизмге жан-жақты сипаттама беру арқылы төл сөз өнеріміздің тақырыптық, жанрлық және көркемдік деңгейін анықтау. Символизм поэзиясының қалыптасуы мен дамуының қазақтық, орыстық ортақ дүниетаным болмысын айқындау екендігі. Қазақ және орыс символист ақындарының шығармашылықтарына салыстырмалы түрде сипаттама беру. Қазақ және орыс ақындарының поэзиясына тән ортақ үндестік пен олардың дәстүрлі ерекшеліктерін саралау. Символистік поэзиядағы танымдық-философиялық өлеңдердің жанрлық сипатын

байыптау. Қазақ поэзиясындағы бейнелілік өрнектерінің дараланған поэтикалық өзгешеліктерін таныту. Қазақ ақындары шығармаларының Шығыстың классикалық әдебиеті дәстүрлерімен ықпалдастығы сипатына ғылыми барлау жасау.

«Фольклор теориясы» курсының өтуде халықтың ауызша сөз өнерін зерттейтін ғылым саласы ретінде фольклор тарихын, теориясын, жанрлық түрлеріне тән ерекшеліктерін жан-жақты талдап түсіндіретін пән болып табылатындығы. Фольклортану ғылымы туралы түсінік және оны тарихи зерттеу принциптері, әлемдік фольклортану ғылымындағы теориялық бағыттар мен мектептер, тарихи поэтика мәселелері, қазақ фольклорының қалыптасу және даму кезеңдері. Фольклордың көпқырлы бітімі мен синкреттілігі, халықтық сипатын, фольклор мен жазба әдебиеттің айырмашылықтарын, өзгермелілігін, құрылымдық-типологиялық, жүйелі талдау, кешенді-тұтастық зерттеу әдістерін, ауыз әдебиетінің көркемдік-идеялық, және тегіне қарай бөліну принциптерін, фольклор жанрларының дамуындағы ортақ процестерді, фольклор шығармаларындағы эпикалық, лирикалық, драмалық белгілерді танып білуді міндеттейтіндігі.

«Өлең сөздің теориясы» курсының өтуде халық поэзиясының тілі өлеңтану жүйесінің көркемдік негізі екендігі басшылыққа алынды. Жалпытүркілік поэзия жанрларының кейінгі әдеби дамуға негіз болғандығы тұжырымдалды. Авторлық ауызша поэзияның ұлттық көркемдік негізі жыраулар поэзиясының поэтикасы ғылыми негізделетіндігі.

Хақім Абайдың классикалық өлеңсөз мұрасының эстетикалық сипаты бағаланады. Қазақ өлеңінің құрылысы, өлшем өрнектері дәстүр мен жаңашылдық сабақтастығы заңдылығымен қамтылады. Өлең және оның құрылысы. Өлең бунағы мен буын түрлері. Өлең ұйқасы. Өлең сөздің бейнелеу құралдары. Поэзия тілінің қалыптасу, даму жүйесі. Қазақ өлеңінің қалыптасуы мен дамуы мәселелеріне арналған классикалық әдеби зерттеулер жүйесі. Өлең теориясын зертеушілер еңбектерінің ғылыми-методологиялық негіздерінің болуы. Классикалық өлеңсөз үлгілері мен кейінгі әдеби үдерістегі шығармашылық сабақтастықтың болуы. Өлең теориясындағы қазіргі жаңа талдаулардың ғылыми-танымдық маңызы ұғындырылады.

«Әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттар» курсының өтуде қазақ, орыс және шетел әдебиетінің қазіргі тарихымен байланысты әдебиеттану мектептері мен бағыттарымен танысу, білім жүйесін қалыптастыру. Жас мамандарға қазіргі әдебиеттану дамуының жалпы көрінісінен хабардар ету, әдебиеттанудың қазіргі мектептері мен бағыттарынан мәлімет беру, осы білімдерін көркем шығарманы талдауда нақты басшылыққа ала білуге үйрету. Әдебиеттанудағы дәстүрлі және жаңа ізденістер мәселелері. Тарихи-әдеби контексттегі әдебиеттану мектептері, ағымдар мен бағыттар (XIX-XX ғғ.).

Әдебиеттану ғылымының әдістемелік принциптері. Биографиялық және психологиялық әдебиеттанудың әдістемесі. Синкреттік дәстүрлер және оның мектептері. Формальды, құрылымдық-семиотикалық мектептер әдістемесі. Мәдени-тарихи дәстүрлер мектебі. Әдеби құбылыстарды талдай білу және оның жеке поэтикамен қарым-қатынасы мен байланысын сараптай алуы. Нақты әдеби материалдарды бақылау барысында өзіндік жалпылау мен қорытындылар жасай білу. Қазіргі әдебиеттану терминологиясын пайдалана білу, қазіргі әдебиеттанудағы мектептер мен бағыттарды ажырата білу болып табылады.

«Қазақ әдебиетіндегі интермәтіннің мәселелері» курсының өтуде «Мәтін» ұғымының мазмұны. Мәтін филология ұғымы ретінде. Мәтін семиотика және мәдениеттану ұғымы ретінде. Постмодернистік концепцияларындағы мәтін ұғымы. Бүкпе мән және контекст. Интертекстің философиялық негіздері. Аналитикалық философия. Логикалық позитивизм. Аналитикалық философияның принциптері. Қиял философиясы. XX ғасыр прозасындағы интертекст ерекшеліктері. Деконструкция – интертекст зерттеу стратегиясының бірі. Авторлық емес «жаттанды сөз». Мәтіннің ішіндегі мәтіндер иерархиясы. Мәтіндердің құрылымдық пішіндерінің типологиясы. Прозалық шығармалардың интертекст поэтикасы.

Ықтимал әлемдерінің семантикасы. Мәтін автор мен оқырманның және мәдени контекстің диалогы ретінде. Неомифологиялық сана. Цитата, аллюзия. Реминисценция. Структуралистік, постструктуралистік, генеративтік поэтикасындағы интертекст. Көркем шығарманы талдау және қабылдау мәселелері. Әдебиеттегі диахрондық және синхрондық талдау әдістемелерінің жемісі. Рецептивті эстетика теориясы. Әдебиеттегі герменевтика және эстетика тәжірибесі. Әдебиеттанудағы формалистік концепциялар. Объективті-аналитикалық талдау және субъективті қабылдау қатынастары. Шығармашылық процесс және оны қабылдау жолдары.

Аристотель, Пифагор, Платон, Аквинский, Кант еңбектеріндегі катарсис туралы ой-тұжырымдар. Көркем шығарма жазу мен қабылдауындағы сезім мен қиял қызметі. Автордың ойлау, ой қорыту процессіндегі диалектикалық шешім. Катарсис мақсаты – эстетикалық әсер. Шығарманың сезімталдық аясы оқырман қабылдауында туғызатын тілектестік сезімдердің табиғаты және оны пайдалану. Сезімталдық жұмбақтарын жанды бейнеге көшіру мәселелері.

«Әдеби байланыс мәселелері» курсының өтуде ағарту дәуіріндегі мәдениеттің типологиялық ерекшеліктері. Әдеби бағыттар мен ағымдар. Орта Азия, Қазақстан және Ресей әдебиеттеріндегі ағартушылық реализмнің ерекшелігі.

Батыс және Шығыс романтизмінің типологиялық ерекшеліктері. Романтизм бағыттың генезисі және даму кезеңдері. Шығыс және қазақ әдебиеттердің даму заңдылықтары. XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасыр басындағы Шәкәрім Құдайбердіұлы шығармашылығындағы романтикалық тенденциялар. XX ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі романтизм бағыты.

XX ғасыр әлем әдебиетіндегі неоромантизм. С. Экзюпери, Э. Хемингуэй, Р. Роллан, А. Горький, Л. Андреев, А. Блок, С. Есенин, Н. Гумилев, А. Ахматова, М. Цветаеваның романтикалық-фантастикалық әлемдері.

Модернизмнің типологиялық ерекшеліктері. Қазақ және орыс әдебиетіндегі модернистік тенденциялар. Әдеби байланыстардың бастауы. Шығыс-түркі әдеби байланыстар негізі. Ежелгі түркі поэзиясы мен қазақ әдебиеті Шоқан, Абай, Ыбырай шығармашылығы және әдеби байланыстар. Әлемдік әдебиеттанудағы аталған ұғымдар туралы пайымдаулар мен пікір қайшылықтары. Қазақ әдебиеті және оның әлем әдебиетімен байланысы. Әлемдік әдебиеттану ғылымының бүгінгі таңдағы даму сипаты. Батыс елдердегі әдебиеттану ғылымы және қазақ әдебиеті. Қазіргі әдеби-эстетикалық танымдардағы "Батысшылдық" теориясының ықпалы. Шығыс халықтарының эстетикалық ұстанымдары және қазақ әдебиеті.

«Көркем образ және образдылық» курсының өтуде әдебиет туралы жалпы түсініктердің бәрінің келіп құйылар арнасы, әдебиет туралы ғылымның ең басты және өзекті мәселесі – образ және образдылық. Бұл мәселені дұрыс таратып түсіну үшін, әуелі, әдебиеттің объектісі – өмір болғанда, предметі – адам екендігі. Көркем образ және образдылық.

Әдеби бейненің әдіснамалық мәселелері. Көркем бейненің танымдық және эстетикалық мәні. Тип және типтендіру, тип және прототип арақатынасы, типтік бейне ерекшелігі. Көркем бейне жасаудағы негізгі тәсілдер. Портреттік тәсіл, оның түрлері. Психологиялық портрет сыры. Мінезтану, көркемдік антропология. Кейіпкер және оқырман мәселесі мінездеу арқылы бейне сомдау. Образ жасау жолындағы жаңаша ізденістер. Жаңаша ойлау және жаңа образ сомдау жолындағы көркемдік ізденістер.

«Фольклор поэтикасы және әдеби үрдіс» курсының өтуде мифопоэтика және археопоэтика. Қазақ эпикалық жанрының бастаулары. Қазақ поэмасының даму кезеңдері. Эпикалық туындылардың жанрлық сипаты. Қазіргі қазақ поэмасының тақырыптық, идеялық ерекшеліктері. Қазіргі әлем әдебиетіндегі эпикалық жанрдың тоқыраушылық сипаты. Поэма және оқырман мәселесі. XX ғасырдың соңы мен XXI ғасырдың басындағы әдебиеттегі фольклорлық дәстүрлердің, дәлірек айтқанда – фольклорлық сана мен ұғым-түсініктің, ырымдар мен салт-ғұрыптардың, сондай-ақ фольклорлық жанрлар мен

сюжеттердің, кейіпкерлер мен көркемдік құралдардың, мотивтер мен әдіс-тәсілдердің пайдаланылуы, олардың әдеби шығармада атқарып тұрған қызметі, т.б. мәселелер қарастырылады. Әдебиеттің ежелгі фольклорлық сарындарды пайдалануы постмодерндік әдебиеттен әлдеқайда бұрын жүзеге асқандығы. Әлем әдебиетінде, орыс әдебиетінде ХІХ ғасырда-ақ түс көру, сандырақтау сияқты көне фольклорлық элементтер біршама орын алған (Н.Чернышевский, Л.Толстой, Ф.Достоевский, т.б.). Бұл дәстүр ХХ ғасыр әдебиетінде жалғасын тауып, мықтап орныққандығы. Фольклорлық композицияның комедия үшін қолданылу мүмкіндігі деген мәселені зерттеп көруге болатындығы. Ауыз әдебиеті мен қазіргі ақын-жазушылар шығармаларындағы уақыт пен кеңістік туралы таным-түсініктердің ерекшеліктері. Хронотоп туралы жалпы түсінік. Эпикалық шығармалардағы хронотоп үлгілері. А.Веселовскийдің фольклор теориясындағы психологиялық параллелизм. Фольклордағы психологиялық параллелизмнің интонациялық деңгейі. Психологиялық параллелизм, эпитет және троптар. Психологиялық параллелизм сюжет деңгейінде. Психологиялық пейзаждық параллелизм.

“Көркем шығарма психологизмі” курсының өтуде көркем шығармашылықта адам психологиясын талдау қаһармандық мәселесін алға тартады. Сөз өнерінде тұтас адам өмірі, психологиясы, яғни көркем шығармадағы адам бейнесімен астасқан ішкі жан иірімінің көрінісін саралау болып табылады. Қаһарманды берудің екі тәсілі бар екендігі. Автордың қаһарманға қатынасы көркем мәтінде ұстанымдық мәнді иемденетіндігі. Көркем шығармадағы қаһарман автор өмірбаяны мен оқырманның өзі сияқты қабылданады. Көркем шығармадағы қаһарман көркем мәтіннен тыс шынайы өмірдегі, шынайы кеңістік пен уақыттағы адамнан мотивтердің динамикалық жүйесінен көрінумен ерекшеленетіндігі. Мінезтанудың міндеттері мен нысаны. Клиникалық мінезтану. Психоаналитикалық мінезтану. Әдебиеттегі мінез типтері. Мінезтану поэтика мәселесі ретінде. Мінез кейіпкер ретінде. Бейне, мінез-кейіпкер. Көркем шығармадағы мінез ашу жолдары. Мінез және тип. Кейіпкерлер жүйесі мінездердің арақатысы ретінде. Баяндаушының бейнесі және оның мінезі.

Автор және оның көркем мәтінді өмірге әкелу жолдары мен оқырман тілегін ескеру себептері. Образ жасау жолындағы жаңаша ізденістер. Жаңаша ойлау және жаңа образ сомдау жолындағы көркемдік ізденістер.

Заман өзгерістері мен бүгінгі оқырман талап, тілектерін ескеру. Қазіргі қазақ әдебиетінің басты міндеттері. Көркем шығармашылықтағы ізденіс проблемасы. Замана тұдырған идеялар. Көркем шығармашылықтағы интеллектуалдылық сипат.

Пайдаланылатын әдебиеттер:

1. Ахметов З. Өлең сөздің теориясы. Алматы, Мектеп, 1973.
2. Байтұрсынов А. Шығармалары, Алматы, 1989.
3. Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Алматы, 1998, 2006.
4. Әуезов М. Әдебиет тарихы. – А., 1991.
5. Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, Санат, 2002.
6. Нұрғали Р. Әдебиет теориясы. Нұсқаулық.- Астана, Фолиант, 2003.
7. Қазіргі әдебиет және фольклор. Ұжымдық еңбек. Алматы, 2009. – 392 б.
8. Қасқабасов С. Елзерде. Жаназық. Астана, 2012.
9. Медриш Д.Н. Литература и фольклорная традиция. Вопросы поэтики. Саратов, 2001.
10. Елеуқенов Ш. Қазақ әдебиеті тәуелсіздік кезеңінде. Алматы, 2006.
11. Пірәлиева Г. Көркем прозадағы психологизмнің кейбір мәселелері. Алматы, 2003.
12. Абылқасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры: Хрестоматия. Алматы, 2004.
13. Мақпырұлы С. Адамтану өнері. Оқу құралы.-Алматы, Арыс, 2009.

14. Жарылғапов Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістері. Қарағанды. 2009.
15. Қазақ әдебиетінің қысқаша тарихы. 1т. Алматы: Қазақ университеті, 2001.
16. Сүйіншәлиев ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ әдебиеті. – А., 1989.
17. ХҮ-ХҮІІІ ғасырдағы қазақ поэзиясы. – А., 1987.
18. Атымов М. Қазақ романдарының поэтикасы. – Алматы: Ғылым, 1975.
19. Ахметов З. Поэтика эпопеи Путь Абая в свете истории ее создания. - Алматы: Наука, 1981.
20. Ахметов К. Әдебиеттануға кіріспе. Оқу құралы. – Қарағанды. Аркоң, 2004
21. Есембеков Т. Драматизм и казахская проза. – Алматы: Қазақ университеті, 1997.
22. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992
23. Майтанов Б. Қазақ романы және психологиялық талдау. Алматы: Қазақ университеті, 1996.
24. Әбдіғазизұлы Б. Шәкәрім әлемі. Алматы: Раритет, 2008
25. Хализев В.Е. Теория литературы. – М.: Высшая школа, 2005.
26. Джуанышбеков Н. Проблемы современного сравнительного литературоведения. – Алматы: Қазақ университеті, 2000.
27. Темирболат А.Б. Поэтика литературы. – Алматы: Қазақ университеті, 2011.
28. Таңжарықова А. Көркем мәтінді талдау негіздері. Алматы, Service Press, 2016 ж
29. Тойшанұлы А. Түрік-моңғол мифологиясы. Алматы, 2009
30. Темирболат А.Б. Категории хронотопа и темпорального ритма в литературе. – Алматы: Ценные бумаги, 2009.

